

ҒТФХР 14.01.01У.Ж. Конакбаева¹, С.Еспенбетова², У. Саурақбай³¹²³*SILKWAY* халықаралық университеті, Шымкент, Қазақстан(E-mail: ukonakbaeva@mail.ru)**Кәсіптік білім беру мекемелеріндегі ғылыми-әдістемелік жұмыстың маңызы**

Аннотация: Мақалада білім беру мекемелерінде әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың мақсаттары мен міндеттері, ұйымдастыру формалары қарастырылған. Заманауи білім беруді модернизациялаудағы әдістемелік жұмыстың бағыты мен білім беру мекемелерін басқаруда оны қолданудың маңыздылығы қамтылған.

Кілт сөздер: ғылыми-әдістемелік жұмыс, кәсіптік білім беру, кәсіптік білім беру мекемелері, мұғалім.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2220-685X-2019-55-4-14-21>

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан, «ұстазға жүктелетін міндет ауыр» деген болатын. Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі емес, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және барлық ақпараттық технологияларды меңгеруін талап етуде. Ол заман талабына сай, білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана, білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады [1]. Мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік жетістіктері, ең алдымен, олардың білім жүйесімен, азаматтардың білім деңгейімен анықталатыны белгілі. ХХІ ғасыр жаһандық жаңалықтар мен білімнің дәуірлеу ғасыры, себебі, ол қазіргі кезде мемлекеттің тұрақты дамуын қамтамасыз етуде, сондай-ақ әлемдік қауымдастықтағы орнын айқындап, халықтың өмір сүру сапасы мен деңгейін көтеруде айырықша маңызды рөл атқарады.

Кәсіптік білім жүйесін игерген маманды келешекте өндірістік – басқарушылық, маркетингтік, ғылыми – зерттеушілік және білім берудің салалық қызметі түрлерін атқара алатындай, сонымен қатар жоғары оқу орындарында білімін жалғастырып,

кемел келешектің зиялы әлеуеті қатарын толықтыратындай тұлға ретінде қалыптастыру заман талабы. Кәсіби білікті құзырлы мамандар даярлау бағдарламасы білім алушылардың тұлғалық даму жағдайында жана дағдыларды тиімді қалыптастыруды көздейді. Бұл міндетті атқару үшін әрбір білім ұйымында оқыту мен оқу мазмұнының жаңартылған үдерісі ауқымды түрде ұйымдастырылуы тиіс. Біріншіден, оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу. Екіншіден, педагогтар құрамының сапасын арттырудың маңызы зор. Үшіншіден, біліктілікті бекітудің тәуелсіз жүйесін құру қажет.

Осыған байланысты қазіргі кездегі білім берудің көкейтесті міндеті болашақ мұғалімдердің шығармашылық қабілетін қалыптастыру, мұғалімдерді инновациялық, шығармашылық, ғылыми-әдістемелік іс-әрекеттерді жүзеге асыруға дайындау болып табылады. Сонымен педагог бойына құзыреттіліктерді қалыптастыруды жүзеге асыруды көздейтін әдістемелік қызмет және оның іс-әрекетін дамыту, яғни оны қағидаларға негіздеу талабын қойды. Әдістемелік қызметтің негізгі қағидалары:

- жаңарудың теориялық негіздері мен мақсатын көздейтін тұжырымдамалық қағидасы;
- білім алушыларға деген адамгершілік қарым-қатынас қағидасы;
- педагогтарға тән жалпы тұжырымдамалық ұстаным мен көзқарасты айқындайтын басты қажеттілік қағидасы;
- жүйелілік көзқарасты барлық жағдайларда қолдануға мүмкіндік беретін жүйелілік қағидасы;
- жаңаруға ықпал ететін, білім ұйымының ерекшелігін ескеріп оны қолдануды жүзеге асыратын баламалық қағидасы;
- ресурстық және ұйымдастырушылықты қамтамасыз ету қағидасы;
- жасалған бағдарлама мен жобаларды түзету, өзгерту және нақтылауды қажет ететін ашықтық қағидасы;
- маманның кәсіби шеберлігін, білім беру сапасын және тағы сол сияқты диагностикалауға, сондай-ақ білім беру қызметінің стратегиясын жүзеге асыруда күтілетін нәтиже, келеңсіз жағдайларды болжауға бағытталған мониторингілеу қағидасы;
- әдістемелік қызметті үздіксіз біліктілікті арттыру жүйесінің құрамды құрылымы екендігін айқындайтын біртұтастылық және кешенділік қағидасы [1].

Сонымен білім беру жүйесінің жаңаруын әдістемелік жағынан қамтамасыз ету, құзыретті тұлғаны қалыптастыру мен әдістемелік қызметке тән өзіндік ерекшеліктерді анықтап береді.

Осыдан келіп ең алдымен әдістемелік қызметтің бірнеше жылға арналған жұмыс тақырыбы туындайды. Тақырып таңдауда білім беру жүйесіндегі құрылымдар жағдайында педагогтардың кәсіби құзырлылығын қалыптастыру негіз болады.

Педагогикалық әдебиеттерде көрсетілгендей әдістемелік жұмыс үздіксіз білім беру жүйесіндегі мұғалімнің маңызды жұмыстарының бірі болып табылады. Мектептегі әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың үлкен тәжірибесі жинақталып, оның әдістері мен формалары жасалған. Әдістемелік жұмысты ұйымдастыра отырып, ұзақ уақыт бойы мұғалімдердің қызметтерін зерттеп, олардың түрлі қызметтерге даярлық деңгейін анықтауға болады. Сол арқылы олардың кәсіби біліктіліктерін көтеріп, анықталған жағдайларды құру көмегімен олардың қызметтерін басқаруға болады. Әдістемелік жұмыстың мазмұны мен оларды ұйымдастырудың негізгі мәселелері Т.В.Абрамова, Е.С.Березняк, Г.И.Горской және т.б. еңбектерінде қарастырылған [3].

Педагогикалық сөздіктегі анықтама бойынша, әдістемелік жұмыс дегеніміз педагогикалық кадрлардың ғылыми-теориялық, жалпы мәдени деңгейлерінің көтерілуіне бағытталған ұжымдық және жеке қызметтері, сонымен бірге кәсіби шеберліктері мен психологиялық-педагогикалық даярлықтары болып табылады. Ал С.Г.Молчановтың пікірі бойынша әдістемелік жұмыс педагогикалық және басшылықтық іс-әрекеттерді қамтамасыз ететін, кәсіби-педагогикалық және басшылықтық қызметтің теориялық өнімі бар міндетті құрамды бөлігі болып табылады. Осылайша қазіргі кезде әдістемелік жұмыс ұғымы кеңейіп отыр. Әдістемелік жұмыс пәні кәсіби-педагогикалық коммуникация құралдары ғана емес, сонымен бірге оқыту мазмұны мен басшылықтық әсер ету мазмұны болып табылады [4].

Әдістемелік жұмыстың басты мақсаты педагогтардың кәсіптік білімдері мен шеберліктерін жетілдіру, олардың шығармашылық әлеуетін дамыту, педагогикалық үдерістің тиімділігі мен сапасын арттыру болып табылады.

Әдістемелік жұмыстың негізгі міндеттеріне тоқталатын болсақ:

1. Озық педагогикалық тәжірибелерді ендіру және зерттеу;

2. Мұғалімнің ғылыми деңгейін көтеру мақсатында психологиялық-педагогикалық ғылымның жетістіктерімен танысу;

3. Мұғалімнің кәсіби шеберлігін көтеру.

Ғылыми-әдістемелік жұмыс осы аталған міндеттермен қатар тағы да төмендегідей негізгі міндеттерді де қарастырады: мұғалімнің инновациялық қызметке енуі; мұғалімнің ғылыми-зерттеу қызметіне енуі; мұғалімнің тәжірибелік-эксперименталды қызметке енуі [5].

Педагогикалық жоғары оқу орнының базасында болашақ мұғалімдердің алған арнайы білімдері практикалық тұрғыдан қорытылып, мектепте сыннан өткізуді қажет ететіндігі аңғарылды. Мұндай жағдайда мектепте арнайы ұйымдастырылған әдістемелік жұмыстардың жүйесі мұғалім үшін баға жеткіліксіз көмек бола алады. Әдістемелік жұмыстар дербес және жеке ерекшеліктер ескерілген жағдайда мұғалімдердің ғылыми-әдістемелік дайындығын жетілдіруге деген сұранысына жауап бере алады. Ал, әдістемелік жұмысты жеке ерекшеліктерді ескеріп жүргізу, бірқатар субъективті, объективті алғышарттарға байланысты. Ең бастысы мұғалімнің ғылыми-әдістемелік дайындығын жетілдірудегі өмірлік және кәсіптік бағдары, кәсіптік деңгейі мен тәжірибиесі ескерілуі тиіс. Мектептің әдістемелік қызметінің озық тәжірибелері мен дәстүрлерін сақтау және дамытудың да маңызы зор. Мектептегі әдістемелік жұмыстардың жалпы міндеттерін былайша тұжырымдауға болады:

1. Мектептік педұжымының педагогикалық тәжірибесін жүйелі түрде зерттеу, жинақтау және тарату, педагогика ғылымының жетістіктерін жұмысқа қолдану қызметінде инновациялық бағыттылықты қалыптастыру;

2. Мұғалімдердің теориялық (пәндік) және психологиялық-педагогикалық дайындық деңгейін көтеру;

3. Жаңа оқу бағдарламаларын, жоспарларын, мемлекеттік білім стандарттарын оқып, үйренуді ұйымдастыру;

4. Оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологиясы, түрлері мен әдістерін байыту; жаңа нормативтік құжаттар, нұсқау-әдістемелік материалдармен танысуды ұйымдастыру;

5. Ғылыми-әдістемелік көмекті дербес және жеке ерекшеліктерді ескеріп ұйымдастыру - жас мұғалімдерге, пән мұғалімдеріне, сынып жетекшілері мен тәрбиешілерге;

6. Педагогикалық жұмыста белгілі бір қиындыққа кезіккен мұғалімдерге, педагогикалық білімі жоқ мұғалімдерге және т.б; мұғалімдердің өздігінен педагогикалық білім көтеруіне кеңес беру;

7. Жалпы кәсіптік-педагогикалық мәдениет деңгейін көтеру.

Мұғалімнің әдістемелік жұмыстарының мазмұнын кәсіптік-педагогикалық мәдениетінің құрамды бөліктерін ескере отырып айқындаған дұрыс деп білеміз. Олар - мұғалімнің жалпы мәдени дайындығы; әдістемелік, тәрбиешілік, зерттеушілік, кәсіптік-адамгершілік, басқара білу мәдениеті. Әдістемелік жұмыстың мазмұны кәсіптік-педагогикалық мәдениеттің әрбір бағыты бойынша нақтыланып, бірнеше ұзақ мерзімдік зерттеудің нысанына айналуы мүмкін. Мұғалімнің әдістемелік, инновациялық жұмысқа қатысуы соңғы нәтижеде оның жеке педагогикалық жүйесінің, дербес педагогикалық жұмыс стилінің қалыптасуына ұласады [6].

Көптеген мектептерде әдістемелік жұмыстарды үйлестіретін әдістемелік кеңестер жұмыс істейді. Мектептің педагогикалық кеңесіне қарағанда әдістемелік кеңестің бір ғана функциясы бар, ол - әрбір мұғалімнің педагогикалық қызметінің ғылыми-әдістемелік деңгейін көтеру. Оның жұмысының тиімділігі ең кемі екі жағдайға тәуелді: кеңеске кімнің жетекшілік жасауы және мүшелерінің құрамының қандай екендігі. Әдістемелік кеңеске білім берудің әртүрлі оқу пәндерінен сабақ беретін барынша тәжірибелі мұғалімдер енеді. Олар әртүрлі әдістемелік құрылымдардың жетекшілері болуы мүмкін. Көбіне әдістемелік кеңеске оқу ісінің меңгерушісі басшылық жасайды. Мектеп әдістемелік кеңесі мұғалімдердің кәсіптік біліктілігін арттырудың тактикасын айқындайды. Кеңес бірлестікте, комиссияларда қаралатын мәселелерді жоспарландырады [7].

Мектептің әдістемелік кеңесі жұмыстардың жалпы бағдарламасын, семинар, практикалық материалдардың жоспарын жасайды. Осылайша, әдістемелік кеңес мектептегі әрбір мұғалімнің кәсіптік-педагогикалық мәдениетін көтеру жұмысын басқаруда сайланбалы және ақылы өкілдікті танытады. Мектептің әдістемелік жұмыстарының өзін ақтаған мынадай түрлерін атауға болады: пәндік әдістемелік бірлестіктер, мектептегі бірыңғай әдістемелік күн, проблемалық семинарлар мен практикумдар, жас мұғалім мектебі, озат тәжірибе мектебі, мұғалімдермен дербес

жұмыс жүргізу, ашық және үлгілі сабақтар өткізу, ғылыми-педагогикалық конференциялар, педагогикалық оқу, рөлдік, іскерлік және ұйымдық-қайраткерлік ойындар, педагогикалық жағдайды талдау және модельдеу, мұғалімдердің шығармашылық есебі, педагогикалық консилиум және т.б. Осылардың арасында мұғалімдердің пәндік әдістемелік бірлестіктері барынша кең тараған. Ол пәндес мұғалімдермен бастауыш сынып мұғалімдерін біріктіреді де, ең кемі 4-5 пән мұғалімін топтастырады. Пән бірлестіктерінің әдістемелік жұмысының мазмұны көп қырлы болып келеді. Онда оқу-тәрбие жұмыстарының және оқушылар білімінің деңгейін көтеру, тәжірибе алмасуды ұйымдастыру, озық педагогикалық тәжірибені және педагогика ғылымының жетістіктерін енгізу мәселелері қаралып, жаңа оқулықтар мен оқу бағдарламаларының күрделі тараулары талқыланады. Сонымен бірге тәжірибелік оқу бағдарламалары мен оқу құралдарының нұсқалары, олардың нәтижелері деп талқыланады. Бірлестік мүшелері білім беретін және қадағалайтын компьютерлік бағдарламаларды талдап жасайды және сынақтан өткізеді. Оның тиімділігі мен нәтижесіне баға береді. Бірлестік жұмысының мазмұны оқушылар білімін тексеретін тақырыптық, шығармашылық бақылау жұмыстарын қарастыруды да қамтиды [8].

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін әлемдік білім кеңістігіне кіріктіруде әдістемелік қызметті қайта қалыптастырып, оған қойылатын талаптарға сай бағыттауда әдістемелік қызметті үйлестірушілерге зор міндеттер жүктеледі. Әдістемелік қызметтің мазмұнын үнемі жандандырып отыру білім беру ұйымдары қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттырудың негізгі құралы болып табылады. Әдістемелік жұмыс жүйесі әртүрлі сипаттағы бір-бірімен тығыз байланысты іс-әрекеттердің жиынтығы болып табылады және білім беру мекемелеріндегі персоналдың кәсіби біліктілік деңгейі әдістемелік жұмыстың нәтижелілігіне тікелей байланысты.

Әдебиет тізімі

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Интеллектуалды ұлт - 2020» Ұлттық бағдарламасы //Айқын, 2008.
2. Конакбаева У.Ж., Коздибаева А. Кәсіптік білім беру мекемелеріндегі ғылыми-әдістемелік жұмыс. М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің ҚР БҒМ РОӘК ұсынған оқу құралы. - Шымкент: Алем, 2018. -106б.

3. Березняк Е.С. Руководство современной школой. - М.: Просвещение, 2014. -207с.
4. Молчанов С.Г. Профессиональная компетентность в системах аттестации, управления, повышения квалификации и профессиональной деятельности. // Научное обеспечение системы повышения квалификации кадров: межвузовский сборник научных трудов. - Вып.1. -Челябинск: Изд-во ИИУМЦ "Образование", 2001. -122с.
5. Конакбаева У.Ж., Коздибаева А., Еспенбетова С. Кәсіптік білім беру мекемелеріндегі әдістемелік қызметтің құрылымы, мазмұны және ұйымдастырылуы. //II Юнусов оқулары: Ұлы дала құндылықтарын жаңғырту – білім мен ғылымды дамытудың негізгі факторы атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы. I том. Шымкент, - 2019. -215б.
6. Буров К.С. Методическая работа в образовательном учреждений. //Вестник УРГУ, 2007. - № 3. –40с.
7. Кинелев В.И. Образование и цивилизация /Высшее образование в России. – 1996. - № 3. –С. 14-21.
8. Вербицкий А.А. Активное обучение в высшей школе. Контекстный подход. – М.: Высш.шк., 1991. – 207 с.

У.Ж. Конакбаева¹, С.Еспенбетова², У.Саурақбай³

¹²³ *Международный университет SILKWAY, Шымкент, Казахстан*

Важность научно-методической работы в профессионально-образовательных учреждениях

Аннотация: В статье рассмотрены различные аспекты организации методической работы в образовательных учреждениях: определены ее цели, задачи и формы организации в свете модернизации современного образования. Обоснована необходимость направленности методической работы на решение актуальных проблем и использование ее как средства управления образовательным учреждением.

Ключевые слова: научно-методическая работа, профессиональное образование, профессионально-образовательные учреждения, учитель.

U.Zh. Konakbayeva¹, S. Espenbetova², U. Saurakbay³

¹²³ *SILKWAY International University, Shymkent, Kazakhstan*

The importance of scientific and methodological work in professional educational institutions

Abstract: The article deals with various aspects of the organization of methodical work in educational institutions: its goals, objectives and forms of organization in the light of the modernization of modern education. The necessity

of orientation of methodical work on the solution of actual problems and its use as means of management of educational institution is proved.

Key words: scientific and methodical work, professional education, professional and educational institutions, teacher.

References

1. KR Prezidenti N.A.Nazarbaevtyн «Intellectualdy ult - 2020» Ulttyk bagdarlamasy[Intellectual nation-2020" national program of President N. A. Nazarbayev in Republic of Kazakhstan] (Aikin, 2008). [in Kazakh]
2. Konakbaeva U.Zh., Kozdybaeva A. Kasiptik bilim beru mekemelerindegi gylymi-adistemelik jumys. M.Auezov atyndagy OQMW-nin QR BGM ROAK usyngan oku quraly[Scientific and methodological work in professional educational institutions] (Textbook. Shymkent, 2018). [in Kazakh]
3. Berezhnyak E.S. Rukovodstvo sovremennoy shkoly [Leadership of the modern school] (Moscow, Enlightenment, 2014). [in Russian]
4. Molchanov S.G. Professional'naya kompetentnost' v sistemakh attestatsii, upravleniya, povysheniya kvalifikatsii i professional'noy deyatel'nosti [Professional competence in systems of certification, management, professional development and professional activity]Nauchnoye obespecheniye sistemy povysheniya kvalifikatsii kadrov: mezhvuzovskiy sbornik nauchnykh trudov [Scientific support of the system of professional development: interuniversity collection of scientific papers](Chelyabinsk, "Education", 2001). [in Russian]
5. Konakbaeva U.Zh., Kozdybaeva A., Espenbetova S. Kasiptik bilim beru mekemelerindegi adistemelik kyzmettin qurylymy, mazmunyzhane uymdastyrylyuy [Structure, content and organization of methodical work in professional educational institutions]II Yunusov okulary: Uly dala qundylyktaryн zhangyrtu – bilim men gylymdy damytudyn negizgi faktory attyhalykaralykgylymi-tazhiribelik konferenciya [II Yunusov's Readings: Internationalization of the Great Steppe Values - The Key Factor in the Development of Education and Science](Proceedings of the conference, Shymkent, 2019). [in Kazakh]
6. Burov K.S. Metodicheskaya rabota v obrazovatel'nom uchrezhdenii [Methodical work in educational institutions] (Bulletin of the Ural state University, 2007). [in Russian]
7. Kinelev V.I. Obrozanie i tsivilizatsiya [Education and civilization]Vysshee obrazovanie v Rossii [Higher education in Russia], №3, 14-21 (2007). [in Russian]
8. Verbitsky A.A. Aktivnoe obuchenie v vysshey shkole. Kontekstnyy podkhod [Active training in higher school Contextual approach] (Moscow, Higher school, 1991).[in Russian]